

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

№4 Хаттама

Өткізілгін уақыты: 27.05.2022 ж

Түрі: Қорытынды

Тақырыбы: Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауытыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауытыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Мақсаты: Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау

Төрайымы: А.Шарипова

Хатшысы: А.Әлденбай

Барлық педагогтар саны: 6

Қатысқан педагогтар саны: 6

Күн тәртібінде:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогтердің, логопедтің, медбикенің 2021-2022 оқу жылының қорытынды есебі.
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг:
4. 2021-2022 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Әр түрлі мәселелер:
- Жазғы сауықтыру іс-шаралары

Қаралды

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі Шарипова .А педагогтардың педагогикалық кеңеске қатысқан педагогтарды қадағалап, күн тәртібімен таныстырды. Сонымен қатар, №3 педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде ақпарат берді.

ШЕШІМІ:

1. №3 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелінсін

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша, барлық топтың тәрбиешілері, логопед, медбике 2021-2022 оқу жылында жүргізген жұмыстары бойынша қорытынды есеп берді. Тәрбиешілері топтатағы бала саны, ұлты туралы ақпарат берді. Тәрбиешілер өздерінің жұмыс жасаған бағдарламасын айта келе, ай сайынғы мерекелік іс-шараларға тоқталды. Мамыр айында жеңіс күніне орай тәрбие сағатын, ата-аналар жиналысын өткен. Мамыр айында МА тобының

балабақшамен қоштасу мерекесіне тоқталып кетті.

Шешімі: Балабақша педагогтарының 2021-2022 оқу жылындағы қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелінсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша, балабақша психологі өзінің жоспарына сәйкес балалармен, педагогтармен және ата-аналармен жүргізген жұмыс жоспарының қорытындысын айта келе, МА топ балаларының мектепке дайындық деңгейінің тест қорытындысымен таныстырды.

Шешімі: МА топ балаларының мектепке психологиялық дайындығы анықталып, қорытындысы ата-аналарға таныстырылсын

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша, балабақша әдіскері 2021-2022 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін айтты.

Балабақшада меңгеру деңгейі I, II, III тоқсанда жүргізілетін мониторинг қорытындысымен анықталады. 2021 жылдың қорытынды мониторингі 15 мамырда 4 топта жүргізілді. Оның ішінде кіші топ, ортаңғы топ, ересек топ, мектепалды тобы. Жыл соңында барлық топ бойынша бала саны – 100. Бұл мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылының қорытынды мониторингінің нәтижесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын толық орындады.

Шешімі: Балалардың жас ерекшелігіне сәйкес алынған мониторинг қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

5.ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері жаз мезгіліне әдіскер тарапынан жасалатын жоспарда қарастырылған мәселелермен таныстырды. Ол жоспар маусым, шілде, тамыз айларына жасалып, меңгерушімен бекітілгенін айтты. Ал, тәрбиешілерге арналған жаздық циклограмма жасау туралы айтты.


ШЕШІМІ:

1. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, педагогтармен таныстырылсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы :

А.Шарипова

Хатшы



А.Әлденбай



«Айкөркем» отбасылық үлгідегі бөбекжайы

№ 4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 27.05.2022 жыл

Түрі: Қорытынды

Тақырыбы: Оқу жылының қорытындыларын талдау. Жазғы сауытыру жұмыстарын ұйымдастыру.

Мақсаты: Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау

2021-2022 оқу жылы